



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №1085528/2025/1

05.05.2025 жылғы

«QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Бакберген Ансар Жамбылович негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және Консорциум в составе "Атыраугеоконтроль" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі совместно с Товарищество с ограниченной ответственностью "Мунай Сервис,ЛТД" бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Бас директор СУЛЕЙМЕНОВ ЖАЛГАСБАЙ атынан, негізінде қызмет ететін Жарғы, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1085528 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес геологиялық-технологиялық зерттеулер (ГТЗ) және газдық каротаж жүргізу қызметтерін (бұдан әрі – Қызмет) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауы шартымен көрсетілген Қызметті қабылдап, Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтер нәтижелері мен құжаттарға, соның ішінде Қызмет көрсету барысында Орындаушы дайындаған және Тапсырыс берушіге берілген материалдар мен жазбаларға меншік құқығы Тапсырыс берушіге тиесілі.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 86610686.40 (сексен алты миллион алты жүз он мың алты жүз сексен алты теңге, қырық тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Электронды шот-фактуралар (ЭШФ) және қағаз бен электронды тасымалдағыштағы Қызметтерді көрсету актілері.

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Орындаушы 2 данада ресімдеп, қол қойып, Тапсырыс берушіге береді:

- Орындаушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін;

- немесе екі тараптың Шартты бұзу туралы Келісімге қол қоюынан кейін және айыппұл санкцияларын есептеуге екі жақты қол қойылған жағдайда;

- немесе Тапсырыс берушіден Шарттың әрекетінің біржақты тоқтатылғаны туралы Хабарлама алынғаннан кейін және айыппұл санкцияларын есептеуге екі жақты қол қойылған жағдайда;

- Тараптардың талабы бойынша кез келген уақытта.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Көрсетілетін Қызметтер үшін Шарт сомасы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде өзгертілмейді, 8-бөлімде көзделген жағдайларды





қоспағанда. Шарт сомасы Қызметтерді көрсетуге байланысты Орындаушының барлық шығындарын қамтиды. Шарт құнына кірмеген шығындар Орындаушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

3.3. Көрсетілетін қызметтердің мерзімдері: қызметтердің басталуы туралы Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламаларында (өтінімдерінде) көрсетілген күндер мен мерзімдерден бастап орындалады. Өтінімдер қызметтер басталғанға дейін 2 күнтізбелік күн бұрын Орындаушыға жіберіледі және қызметтер басталғанға дейін 1 тәулік бұрын ауызша (телефон арқылы) және/немесе электрондық пошта арқылы расталады.

3.4. Қызметтерді бастау туралы ауызша (телефон арқылы) және/немесе электрондық пошта арқылы растама алғаннан кейін 1 тәулік ішінде қызметтерге кірісу, міндеттемелер толық орындалғанға дейін, Тапсырыс беруші бекітіп, Орындаушымен келісілетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды;

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас





тартады.

4.1.11. Банктік кепілдеме Шартқа №5 Қосымшада белгіленген нысан бойынша ұсынылуы тиіс, ал егер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Тапсырыс берушінің есепшотына төлем тапсырмасы түрінде енгізілсе, ол келесі деректемелерге жіберіледі: KZ486010111000217527 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана қ., БИК HSBKZKZX, БИН 050 840 002 757.

4.1.12. Мұндай банк кепілдіктерінің мерзімі Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін болуы тиіс.

4.1.13. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге.

4.1.14. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге.

4.1.15. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.16. Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын Орындаушының және оның қосалқы орындаушыларының қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу.

4.1.17. Шарт күшіне енген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қызметтерді көрсету кестесін шығындарымен бірге (Шартқа №4 Қосымша) Тапсырыс берушіге ұсыну.

4.1.18. Шарт бойынша Қызметтер көрсету барысында «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС мердігер ұйымдары үшін қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі талаптарды сақтау ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің 2024 жылғы 16 шілдедегі №70 бұйрығымен бекітілген (Шартқа №6 Қосымша) ережелерді басшылыққа алу, және Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Ережелермен танысу Актісіне қол қою (Шартқа №7 Қосымша).

4.1.19. Серіктестіктің келісімшарт аумағында автокөлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылғы 4 қаңтарда бекітілген жылдамдық режимінің шектеулері көрсетілген ішкі өндірістік жолдардың Сызбасын басшылыққа алу керек (Шартқа №8 Қосымша), және Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Сызбамен танысу туралы Актіге қол қою қажет (Шартқа №9 Қосымша).

4.1.20. Мердігер Шарт жасалғаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Шартқа №10 Қосымшаға сәйкес Қызметтердің құны бойынша есептемені ұсынуға міндетті.

4.1.21. Қызметтер басталғанға дейін «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС-нің атына ілеспе хатпен Шартқа №11 Қосымшаға сәйкес өтінім-рұқсат беріледі.

4.1.22. Осы Шартқа №12 Қосымшаға сәйкес Өнім берушінің Кодексін сақтау.

4.1.23. Қызметтер көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті рұқсаттар мен лицензияларды өз есебінен алу.

4.1.24. Көрсетілген Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарт нысанасына қатысты бекітілген нысандағы Қызметтерді көрсету туралы Акт бойынша тапсыру және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактураны (ЭШФ) жазып беру.

4.1.25. Орындаушы қызметкерлерінің тұруы, тамақтануы және жол шығындары Орындаушының есебінен жүзеге асырылады.

4.1.26. Тапсырыс берушіге қызмет көрсету кезінде технологиялық регламенттің сақталмауы, жабдықтар мен құралдардың ақауы салдарынан орын алған апаттар, апаттық жағдайлар/оқиғалар үшін Орындаушының кінәсінен туындаған шығындар мен залалдарды толық өтеп беру.

4.1.27. Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайын Тапсырыс берушіге Шартты орындауға қатысқан барлық қоса орындаушылар туралы олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен аффилирленген белгілерінің болуын көрсете отырып, ақпарат ұсыну. Тапсырыс беруші соңғы бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуіне қатысты тексеру жүргізу құқығын өзінде қалдырады.

4.1.28. Қызмет көрсету барысында Тапсырыс берушіден алынған нұсқауларды орындау, егер бұл нұсқаулар Шарт талаптарына қайшы келмесе және Орындаушының жедел-шаруашылық қызметіне араласу болып табылмаса.

4.1.29. Қызмет көрсету барысында Тапсырыс беруші ұсынған материалдарды (бөлшектерді, құрылымдарды) және жабдықтарды пайдаланбау, сондай-ақ оның нұсқауларын орындамау, егер бұл Тараптар үшін міндетті болып табылатын қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік талаптарының бұзылуына әкелуі мүмкін болса.

4.1.30. Қызметтерді олардың көлемі мен мазмұнын және қызметтерге қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалық құжаттамаға және Қызметтердің бағасын айқындайтын сметаға сәйкес көрсету.

4.1.31. Тапсырыс берушіні дереу ескертіп, одан нұсқаулар алынғанға дейін Қызметті тоқтата тұру:

4.1.31.1. Тапсырыс беруші ұсынған материалдардың, жабдықтардың, техникалық құжаттаманың немесе өңдеуге берілген заттың жарамсыздығы немесе сапасыздығы;

4.1.31.2. Тапсырыс берушінің Қызметтерді орындау тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдары;





4.1.31.3. Орындаушыға байланысты емес басқа да жағдайлар, олар көрсетілетін қызметтердің жарамдылығы мен беріктігіне қауіп төндіреді немесе оларды мерзімінде аяқтауды мүмкін етпейді.

4.1.32. Қызметтер мен объектіні қабылдау-тапсыруға 2 (екі) жұмыс күні қалғанда, орындаушы құжаттаманы белгіленген тәртіппен ресімдеп, Тапсырыс берушіге тапсыру.

4.1.33. Орындаушы Қызмет көрсетуге құқықтық негіздер, Қызмет көрсету құралдары мен тәсілдері, сондай-ақ осы Шарт жасалған сәттегі Шарт аумағындағы әлеуметтік, экологиялық, физикалық және климаттық жағдайлар туралы хабардар екенін растайды.

4.1.34. Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін Заңнамаға сәйкес қажетті барлық рұқсаттар мен келісімдерді уақтылы алу мақсатында өзіне байланысты барлық шараларды қабылдайтынына кепілдік береді. Орындаушы Шарт жасалған сәтте Қызмет көрсету құқығы үшінші тұлғалардың немесе мемлекеттік органдардың ешқандай тыйымдары немесе шектеулерімен ауыртпалық салынбағанын мәлімдейді.

4.1.35. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы барлық ұсынылатын жабдыққа сертификаттар мен техникалық төлқұжаттарды, сондай-ақ кез келген технологиялық операцияларға, тораптарға немесе агрегаттарға арналған сипаттамалар мен нұсқаулықтарды орыс тілінде ұсынады. Құжаттар басқа тілде берілген жағдайда, Орындаушы осы құжаттардың орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармаларын қоса ұсынуы тиіс.

4.1.36. Орындаушы өз есебінен қызметкерлерін келесімен қамтамасыз етуге міндеттенеді: визалар, тіркеу, жұмыс күшін тартуға рұқсаттар және Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажетті басқа да құжаттар, алдын алу екпелері, арнайы киім, жеке қорғану құралдары, медициналық сақтандыру. Егер медициналық сақтандыру болмаса немесе оны Тапсырыс берушінің объектісінде пайдалану мүмкін болмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіге өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге кеткен кез келген шығындарды өтейді.

4.1.37. Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтердегі анықталған ақаулар туралы хабарлама берген жағдайда, Орындаушы бұл ақауларды Тараптар келіскен мерзімде өз есебінен жоюға міндетті. Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында анықталған ақауға қатысты дау туындаған жағдайда, кез келген Тараптың талабы бойынша сараптама тағайындалуы мүмкін, ал сараптама шығындары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен бөлінеді.

4.1.38. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің мазмұнын, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар берген техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, үлгілерді, модельдерді немесе акпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау. Бұл акпарат Шартты орындауға тартылған қызметкерлерге ғана құпия түрде және тек келісімшарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде берілуі тиіс.

4.1.39. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс берушінің қандай да бір құжаттары мен ақпаратын Шартты іске асыру мақсаттарынан тыс пайдаланбау.

4.1.40. Егер Шартты орындау барысында Қызметтерді уақтылы көрсетуге кедергі келтіретін жағдайлар туындаса, Мердігер дереу Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуі керек.

4.1.41. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара үшінші тұлғаларға бермеу.

4.1.42. Орындаушы Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушіден алынған жазбаша нұсқауларды (ал шұғыл жағдайларда — журналда міндетті түрде тіркей отырып, ауызша нұсқауларды да) орындауға міндетті, егер бұл нұсқаулар Шарт талаптарына қайшы келмесе және Орындаушының жедел-шаруашылық қызметіне араласу болып табылмаса.

4.1.43. Орындаушы Қызмет көрсету барысында алынған ақпаратты өңдеуді, интерпретациялауды және Тапсырыс берушіге жеткізуді сапалы түрде, Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдер мен көлемдерде жүзеге асыруы тиіс.

4.1.44. Орындаушы Тапсырыс берушіге өзінде Шарт бойынша Қызметтерді толық, сапалы және уақтылы көрсету үшін қажетті жеткілікті білім, технологиялар, тәжірибе, жабдықтар, материалдар және білікті мамандар бар екенін және ықтимал оқиғалар (ұңғыманы жоғалту, апаттар, күрделіліктер, соның ішінде техногендік сипаттағы) тәуекелдерін барынша азайтатынын мәлімдейді және кепілдік береді. Қызметтер көрсету құқығына қажетті рұқсаттар, сертификаттар мен лицензияларға Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ие екенін растайды.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны





қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

4.3.6. Орындаушыдан жазбаша сұрау түскен күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушы өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен таныстырып, қолдарын қойдыру, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілері, жабдықтары және (немесе) аумақтары туралы хабарлау.

4.3.7. Қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттаманы ұсыну.

4.3.8. Орындаушыға Қызметтерді тиісінше көрсету үшін негізделген түрде сұралған құжаттарды Қабылдау-тапсыру актісі бойынша беру. Берілген құжаттар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады және Тапсырыс берушіге қайтарылуы тиіс.

4.3.9. Тапсырыс беруші қауіпті өндірістік нысандарға арналған өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларына, мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы қолданыстағы басшылық және нормативтік құжаттарға және осы Шарттың 2 Қосымшасы болып табылатын Техникалық сипаттамаға сәйкес ГТЗ жүргізуге арналған ұңғыманы дайындауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.3.10. Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарына сәйкес басқа да құқықтары мен міндеттері бар.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Орындаушыдан Шарт талаптарын тиісті түрде орындауды, сондай-ақ Шарт талаптарының тиісті түрде орындалмауы және/немесе Орындаушының басқа да заңсыз әрекеттері салдарынан болған барлық шығындар мен залалдарды өтеп беруді талап ету.

4.4.7. Егер Шарт Орындаушының шарттық міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

4.4.8. Қызметтердің орындалу барысы мен сапасын, олардың орындалу мерзімдерінің (қызметтер көрсету кестесінің) сақталуын, Орындаушы ұсынған материалдардың сапасын, сондай-ақ Орындаушының Тапсырыс беруші материалдарын дұрыс пайдалануын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, бірақ Орындаушының жедел-шаруашылық қызметіне араласпау.

4.4.9. Егер Орындаушы өз міндеттемелерін тиісінше орындамаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде, оның ішінде Орындаушыға төленуге тиісті сомадан салынған айыппұлдарды ұстап қалуға құқылы.

4.4.10. Егер Қызметтер Орындаушы тарапынан осы Шарт талаптарынан ауытқулармен немесе нәтижелерін нашарлататын немесе оларды пайдалануға жарамсыз ететін басқа да кемшіліктермен көрсетілсе, бұл Шарт талаптарына сәйкес екіжақты Актілермен





расталған жағдайда, Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.10.1. Орындаушыдан көрсетілген кемшіліктерді Қызмет көрсету мерзімдерін ұлғайтпай, тегін жоюды талап етуге;

4.4.10.2. Орындаушыдан осы Шарт бойынша Қызметтердің құнын сәйкесінше азайтуды талап етуге;

4.4.10.3. Осы Шартты бұзудан бас тартып, Орындаушыдан тікелей шығындарды (нақты залалды) өтеуді талап ету.

4.4.11. Егер Орындаушы Шартты уақтылы орындауға кіріспесе немесе Қызметтерді соншалықты баяу көрсетсе, олардың белгіленген мерзімде аяқталуы айқын мүмкін емес болса, Тапсырыс беруші Шарттан бас тартып, барлық шығындарды (нақты залал, жіберіп алған пайда) өтеуді талап етуге құқылы.

4.4.12. Қажет болған жағдайда, осы Шарт аясында Орындаушы дайындап, орнатып немесе сатып алып жатқан жабдықтың өндірісін тексеру мақсатында жабдық өндірушісінің зауытына шығуды жүзеге асыру.

4.4.13. Қызметтердің орындалу барысын кез келген уақытта тексеруге, Тапсырыс берушінің талаптары, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары және пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың сапасы бұзылған жағдайда Қызметтерді тоқтатуға. Орындаушыдан пайдаланылатын материалдардың, жабдықтардың, косалқы бөлшектердің және басқаларының сапасын растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге.

4.4.14. Егер Орындаушы ақауларды жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаса немесе Шартқа сәйкес Қызметтерді толық көлемде көрсете алмайтын болса, Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтерді толығымен немесе ішінара тоқтату туралы жазбаша нұсқау бере алады, тоқтату себептері жойылғанға дейін. Бұл жағдайда Қызметтерді тоқтату мерзімі Қызмет көрсету мерзіміне қосылмайды.

4.4.15. Орындаушы өз міндеттемелерін орындамаған және Орындаушының қызметкерлеріне жүктелген міндеттемелерді, соның ішінде қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелерді өрескел бұзған жағдайда, осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін Орындаушы қызметкерлерінің қол жеткізуін тоқтату.

4.4.16. Тапсырыс берушінің осы Шарт талаптарына сәйкес басқа да құқықтары мен міндеттері бар.

4.4.17. Тапсырыс берушінің өкілі Орындаушының жабдықтары мен техникасының істен шығу себептерін, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерінің Қызметтерден бас тарту себептерін зерттеуге қатысуға және қажет болған жағдайда Шартта көзделген Тапсырыс берушінің құқықтарын іске асыруға құқылы.

4.4.18. Тапсырыс беруші Қызметтердің орындалу барысы мен сапасын кез келген уақытта бақылау және қадағалау құқығына ие. Осы Шарттың мақсаттарына сәйкес, бақылау және қадағалау дегеніміз – Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету барысын тексеруге бағытталған кез келген шаралар, ескертулер беру, сондай-ақ Тапсырыс берушінің пікірінше, Орындаушының Қызмет көрсету барысы мен сапасын анық бағалауға мүмкіндік беретін басқа да орынды шаралар.

4.4.19. Шарттағы кез келген керісінше айтатын ережелерге қарамастан, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Орындаушымен келісілген мерзімдерде Қызмет көрсету барысында немесе нәтижесінде алынған кез келген құжаттарды, есептерді және басқа да материалдарды сұрауға және алуға құқылы.

4.4.20. Тапсырыс беруші Шартта және қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

4.4.21. Тапсырыс беруші ұңғымаларды игеру қызметтерін суық қысқы мезгілде (маусымдық қызметтерді тоқтату) 4 айдан аспайтын мерзімге тоқтатуға құқылы, ал қызметтер жылы немесе Қызмет көрсетуге қолайлы мезгіл басталған кезде қайта басталады. Маусымдық қызметтер тоқтатылған кезеңде Орындаушы өз күшімен және қаражатымен жабдықтарының дайындығын қамтамасыз етеді және Тапсырыс берушінің бірінші өтінімі бойынша қызметтерді қайта бастауы тиіс.

4.4.22. Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құжаттарының талаптарын, сондай-ақ Орындаушының қызметкерлеріне жеткізілген Серіктестіктің ішкі құжаттарын сақтамаған жағдайда, қоршаған ортаға келтірілген залал мен апаттық жағдайлар үшін жауапты болып, Тапсырыс берушіге шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

4.4.23. Қызметтерді уақытша тоқтату:

4.4.23.1. Егер Орындаушының кінәсінен мобилизация мерзімі 4 сағаттан астам уақытқа бұзылса, Тапсырыс беруші осының салдарынан шеккен барлық шығындарды Орындаушыдан өтеуді талап етуге құқылы.

4.4.23.2. Қызметтер уақытша тоқтатылған жағдайда, осының салдарынан Тапсырыс берушінің шеккен барлық шығындары Орындаушының есебінен Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша өтеледі.

4.5. Орындаушының Жабдықтары:

4.5.1. Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін Орындаушының жабдықтарын (Тапсырыс берушінің жабдықтарын қоспағанда), Қызметтерді көрсету үшін қажетті материалдарды ұсынады, сондай-ақ Орындаушының қызметкерлерін Қызметтер көрсету үшін қажетті барлық нәрселермен қамтамасыз етеді.

4.5.2. Орындаушының барлық жабдықтары мен ұсынатын материалдары тиісті шығу және сәйкестік сертификаттарына ие болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес қолдануға рұқсаты болуы керек. Заңнамаға сәйкес келмейтін немесе осындай сертификаттары жоқ Орындаушының жабдықтарын пайдалана отырып, Қызмет көрсетуге тыйым салынады.





4.5.3. Орындаушы жабдықтарының ешқандай зақымданулары немесе ақаулары болмайтынына, тексеруден өткізілетініне, тиісті жағдайда болатынына және осы Шартты орындау мақсатында пайдалануға жарамды екеніне кепілдік береді. Сонымен қатар, Орындаушы өз қызметкерлерінің осындай жабдықтарды пайдалана отырып, Қызметтер көрсетуге толық дайын болатынына кепілдік береді.

4.5.4. Орындаушы өз есебінен және өз тәуекелімен Орындаушы жабдықтарын қажетті қосалқы бөлшектермен, материалдармен және басқа да құралдармен қамтамасыз етуі керек. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес мүмкіндігінше қысқа мерзімде (егер Тараптар басқаша келіспеген болса) Орындаушы жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асырып, Қызметтердің үздіксіз, тиімді және қауіпсіз көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті. Егер Орындаушының қандай да бір жабдығы Қызмет көрсету үшін пайдалануға жарамсыз болса, Орындаушы мұндай жабдықты ауыстыруды (жөндеуді) Қызмет көрсетудің тоқтап қалуына жол бермейтіндей етіп жүзеге асыруы тиіс.

4.5.5. Егер бұл Қызметтердің тиісінше көрсетілуіне әсер ететін болса, Орындаушы қандай да бір жабдықты пайдаланудан шығару туралы болжамды шешімін Тапсырыс берушіні екі жұмыс күні бұрын хабардар етуі тиіс.

4.5.6. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін қажетті Орындаушы жабдықтарының, материалдарының және қосалқы бөлшектерінің жеткілікті қорын өз есебінен қамтамасыз етуі керек, егер Тараптар Қосымша келісімде өзгеше көздемесе. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Орындаушы оған мұндай қорлардың тізімін айына бір реттен жиі емес ұсынады.

4.5.7. Тапсырыс беруші және/немесе Тапсырыс берушінің өкілі кез келген уақытта Орындаушының жабдықтары мен техникасын тексеруге, сондай-ақ сынақтар немесе техникалық тексерулер, қауіпсіздік, сапа немесе басқа да тексерулер жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша қатысуға құқылы.

4.6. Орындаушының Қызметкерлері:

4.6.1. Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін қажетті мөлшерде және жеткілікті дәрежеде білікті Орындаушының қызметкерлерін қамтамасыз етеді.

4.6.2. Орындаушы Орындаушының қызметкерлері ретінде тағайындалған тұлғалардың біліктілігі, құзыреттілігі, тәжірибесі және Қызметтердің белгілі бір түрлерін орындауға жарамдылығы Қызметтерді көрсету талаптарына сәйкес болатынына, сондай-ақ аталған тұлғалардың қажетті құжаттарының (дипломдар, сертификаттар, куәліктер және т.б.) бар екеніне, жоғарыда көрсетілген талаптарға және Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес кепілдік береді.

4.6.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.6.4. Орындаушы өз есебінен және болашақта Тапсырыс берушіден қосымша төлем талап ету құқығынсыз міндеттенеді:

4.6.4.1. Орындаушы өз қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуді, тұруды, тамақтануды, сондай-ақ Қызметтер көрсету орнына және кері қарай тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті;

4.6.4.2. Орындаушы өз қызметкерлері арасында қатаң өндірістік және еңбек тәртібін үнемі сақтауға, сондай-ақ Қызмет көрсету орындарында алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын немесе басқа да осындай құралдарды қолдануға жол бермеуге міндетті;

4.6.4.3. Орындаушы Тараптармен келісілген орынды мерзімде Тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша, кез келген негізделген себеп болғанда және/немесе Қазақстан Республикасының кез келген уәкілетті мемлекеттік органының талабы бойынша Орындаушы қызметкерлерін Қызмет көрсетуден шеттету, ауыстыру немесе қосымша қызметкерлерді жеткізуді жүзеге асыруға міндетті. Қызмет көрсетуден шеттетілген тұлға Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз Қызмет көрсетуге жіберілмеуі тиіс;

4.6.4.4. Орындаушы өз қызметкерлеріне қатысты жалақыға, жәрдемақы төлемдеріне, өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін өтемақыға, зейнетақыларға, қосымша жеңілдіктер мен салықтарға, шығындарға және өз қызметкерлеріне тиесілі кез келген басқа төлемдер мен өтемақыларға байланысты кез келген шағымдар, талаптар немесе сот шешімдері үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуға және Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босатуға міндеттенеді.

4.6.5. Орындаушы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өз қызметкерлеріне жалақыны уақытылы және толық көлемде төлеуге міндеттенеді.

4.7. Рұқсаттар, лицензиялар, визалар:

4.7.1. Орындаушы Қызметтер көрсету басталған Күнге дейін Қолданылатын заңнамаға сәйкес Қызметтерді көрсету үшін қажет болатын, Орындаушының атына рәсімделуі тиіс лицензиялар мен басқа да рұқсат беру құжаттарын Шарттың қолданылу мерзімі ішінде тиісті тәртіппен алу және олардың күшін сақтап тұруды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте Тапсырыс берушіден қосымша ақы талап ету құқығысыз.

4.7.2. Орындаушы өз жабдықтары мен материалдарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу немесе әкету қажеттілігі туындаған жағдайда, Орындаушы шекара, санитарлық және кедендік органдардағы тиісті рәсімдерге байланысты барлық рұқсат беру құжаттарын өз қаражаты есебінен рәсімдеуді қамтамасыз етуі тиіс.





4.7.3. Қызметтерді көрсетуде кідірістердің алдын алу мақсатында, Орындаушы өз қызметкерлері үшін Қолданылатын заңнамаға сәйкес Орындаушының атына рәсімделуі тиіс барлық қажетті визаларды, Қызметтер көрсетуге рұқсаттарды, тұруға рұқсаттарды, сертификаттарды, нысандарға кіру рұқсаттарын, паспорттарды және басқа да қажетті құжаттарды уақытылы алу, ұзарту және олардың күшін сақтап тұруды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте Тапсырыс берушіден қосымша ақы талап ету құқығысыз.

4.7.4. Орындаушы Қызметтер көрсетілетін орындарда қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелер мен талаптарды халықаралық экологиялық стандарттарға, Қолданылатын заңнамаға, сондай-ақ Тапсырыс беруші белгілейтін тиісті талаптарға, соның ішінде «нөлдік төгу» қағидатының сақтауды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте Тапсырыс берушіден қосымша ақы талап ету құқығысыз. Орындаушы сондай-ақ өзінің қызметкерлеріне осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтау бойынша нұсқама жүргізуді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

4.7.5. Орындаушы Қызметтерді Шарттың, оның қосымшаларының, соның ішінде Техникалық сипаттаманың талаптарына қатаң сәйкестікте, тиісінше, сапалы және белгіленген мерзімде көрсетуге міндетті. Орындаушы ұсынатын Қызметтердің сапасы әлемдік тәжірибеде мұнай-газ қызметтерін көрсетуге қойылатын сапа талаптарына сәйкес болатынына кепілдік береді. Тапсырыс беруші Қызметтердің нәтижелеріндегі кемшіліктерге қатысты талаптар қоюға құқылы. Осы тармақта көзделген кепілдік бұзу бойынша Тараптардың келісімімен жалғыз және ерекше түзету шарасы Қызметтердің толық көлемде қайта көрсетілуі немесе Тараптармен келісілген бағаға сәйкес, негізді және орынды деп танылған ақаулар мөлшерінде Қызметтердің белгіленген құнын соразмерлі түрде азайту немесе Орындаушының ақаулы/дұрыс емес жабдығын ауыстыру болып табылады.

4.7.6. Қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату.

4.7.7. Орындаушының кінәсінен мобилизация мерзімдері 4 сағаттан аса кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші осының салдарынан шеккен барлық шығындарды Орындаушыдан өтеу түрінде талап етуге құқылы.

4.7.8. Қызметтер уақытша тоқтатылған жағдайда, осының салдарынан Тапсырыс беруші шеккен барлық шығындар Орындаушы тарапынан Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша өтеледі.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Қызметтердің көлемі мен сапасына қатысты кемшіліктер туралы хабарламаны Тапсырыс беруші кемшіліктер анықталған сәттен бастап, оның ішінде әдеттегі қабылдау кезінде анықталмаған (жасырын ақаулар) кемшіліктер бойынша, 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға жібереді. Егер Орындаушы Тапсырыс берушінің хабарламасына 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай хабарлама Орындаушы тарапынан мойындалған деп есептеледі және Орындаушы өз тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарлама алынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген барлық ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндетті.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға Қызметтердің көлемі және/немесе сапасына қатысты ескертулер туралы хабарлама жібермесе, Қызметтер Тапсырыс беруші тарапынан қабылданған болып есептеледі және осы Шарттың шарттарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Орындаушының кемшіліктерді жоюдан негізсіз бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші кемшіліктері бар Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы. Егер Орындаушы кемшіліктерді жоймаса, Тапсырыс беруші бұл кемшіліктерді өз күшімен немесе тартылған ұйымдардың көмегімен жоюға және кемшіліктерді жоюға кеткен шығындарды Орындаушыдан өндіруге құқылы.

5.6. Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсетілгені туралы кез келген Актілерге қол қоюы Тапсырыс берушінің Қызметтердегі жасырын кемшіліктерге немесе Орындаушы әдейі жасырып қалған кемшіліктерге қатысты кез келген талаптарды қою құқығынан айырмайды.

5.7. Орындаушы Қызметтерді аяқтағаннан кейін Шарт талаптарына сәйкес Қызметтер көрсетілгені туралы Акті мен Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сай рәсімделген электрондық шот-фактураны (ЭШФ) Тапсырыс берушіге қол қою үшін жібереді.

5.8. Қызметтер көрсетілгені туралы Актіге Тараптар 10 (он) жұмыс күнінен кешікпей қол қоюы керек.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Қызметтерде кемшіліктер немесе олардың Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Орындаушы Тапсырыс берушінің тиісті талаптарын алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде бұл кемшіліктерді өз қаражаты есебінен жоюға міндеттенеді. Қызметтердегі жойылған кемшіліктер бойынша кепілдік мерзімі сол кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта есептеледі.





Қызметтердегі кемшіліктерді жоюға байланысты барлық шығындарды Орындаушы көтереді.

6.4. Егер Қызметтердегі кемшіліктерді жою Орындаушының кінәсінен кешіктірілсе, кепілдік мерзімі тиісті уақыт аралығына ұзартылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Тапсырыс берушінің 2024 жылғы 15 шілдедегі №70 бұйрығымен бекітілген мердігер ұйымдарға арналған қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі талаптарды сақтау ережелерінің бұзылғаны үшін Орындаушы осы Ережелерде көзделген санкциялар шеңберінде жауапкершілікке тартылады (Шарттың №6 Қосымшасы).

7.2.6. Орындаушы және оның бірлесіп орындаушылары Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтары арасында еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілікке жол бергені үшін Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

7.2.7. Шарттың, Техникалық сипаттаманың және Шартқа қосымшалардың кез келген тармағын орындау мерзімін бұзғаны, тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін әрбір факт бойынша Тапсырыс беруші 200 АЕК мөлшерінде немесе Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл санкцияларын қолдануға, сондай-ақ айыппұлды ұстап қалуға құқылы, әрбір кешіктірілген күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде, осы Шарттың тармақтарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда.

7.2.8. Осы Шарттың 4.1.31-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, Орындаушы міндеттемені орындамағаны үшін Шарттың жалпы сомасының кемінде 5% мөлшерінде айыппұл төлейді, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптардың қызметтерді көрсету бойынша қабылдау-тапсырудың тиісті (қорытынды) актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.3. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

7.4. Егер Орындаушы Шарттың 4.1.10-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Шарт өз қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші өнім берушіні таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

7.5.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.5.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уактылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін





орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тапсырыс беруші Орындаушыға төленуге жататын кез келген сома есебінен айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және Орындаушының басқа да жауапкершіліктерінің сомаларын ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тапсырыс беруші төлемге қажетті құжаттар пакеті: көрсетілген қызметтер актісі, шот-фактура және/немесе осы Шартта көзделген басқа да құжаттардың уақтылы ұсынылмауына байланысты төлемнің кешіктірілуі үшін жауапкершілік көтермейді.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнгізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні ескертілуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушының Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқығы бар.

Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Орындаушы бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер қолданылмайды.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.





9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және Шарт бойынша Тараптар қабылдаған міндеттемелерді толық және тиісінше орындағанға дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Тараптардың еңсерілмейтін күш жағдайлардың әсеріне ұшыраған міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар әрекет еткен кезеңге тең мерзімге ауыстырылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларға, атап айтқанда, жатпайды:

11.4.1. Орындаушының жабдығының, кез келген өзге заттың, жабдықтың, материалдың, қондырғының немесе машинаның жоғалуы, жойылуы, бүлінуі (егер бұл өз кезегінде еңсерілмейтін күш жағдайлардан туындамаса), сондай-ақ оларды Орындаушы немесе бірлескен орындаушы пайдаланған жағдайда.

11.4.2. Қаражаттың болмауы, өндірістің тоқтап қалуы, Орындаушының немесе оның бірлескен орындаушысының ұйымындағы ереуілдер, энергия тасымалдаушыларға немесе қызметтерге тарифтердің өсуі, көліктің уақтылы берілмеуі, сақтандыру жағдайларының көптеп туындауы;

11.4.3. Орындаушының басқа тараптар алдындағы міндеттемелері, оның Қызметтер көрсету мүмкіндігін шектейтін жағдайлар;

11.4.4. Орындаушының контрагенттерінің өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы;

11.4.5. Орындаушының қызметі үшін қажетті қолданыстағы сертификаттардың немесе кез келген басқа құжаттардың, рұқсаттардың және лицензиялардың болмауы;

11.4.6. Қызметтер көрсету үшін қажетті жұмыс күші, материалдар, жабдықтар немесе қызметтердің нарықта болмауы.

11.5. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы екінші Тарапты факс (телекс, телеграф) арқылы дереу хабардар етуі тиіс.

11.6. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап екінші Тарапқа уәкілетті орган немесе ұйым берген еңсерілмейтін күш жағдайлардың бар екенін және олардың ұзақтығын растайтын құжатты жіберуі тиіс.

11.7. Еңсерілмейтін күш жағдайлар басталған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде Тараптар Шарттың одан әрі орындалуына қатысты өзара консультациялар өткізу үшін кездеседі.

11.8. Егер мұндай жағдайлар екі айдан астам уақытқа созылса, кез келген Тарап біржақты тәртіпте Шартты немесе оның кез келген бөлігін орындаудан бас тартуға құқылы, және бұл жағдайда ешбір Тарап ықтимал шығындар үшін өтемақы талап етуге құқылы болмайды.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету





үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

14.3. Құпия ақпарат қандай да бір сипатта болмасын, үшінші тарапқа сатуға, айырбастауға, жариялауға немесе өзге де жолмен ашуға жатпайды, оның ішінде фотокошірме жасау немесе көшіріп басу арқылы. Орындаушы мен оның қосалқы мердігерінен Тапсырыс берушінің құпия ақпаратын жария етудің алдын алу үшін талап етілетін сақтық деңгейі, ең аз дегенде, Орындаушы мен оның қосалқы мердігерінің өздерінің ұқсас құпия ақпаратына қатысты қолданатын сақтық деңгейіне тең болуы керек.

14.4. Тапсырыс беруші құпия ақпаратты, Тапсырыс берушіге тиесілі мәліметтерді тек Шарт бойынша Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануға рұқсат береді.

14.5. Орындаушы мен оның бірлескен орындаушысы өздерінің өкілдері мен қызметкерлерінің әрекеттері және құпия ақпаратты жария етуі үшін жауапты, соның ішінде олармен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін де, сондай-ақ олар тартқан келісімшарт негізіндегі немесе еңбек келісімдері негізіндегі тұлғалар және Тапсырыс берушінің осындай мәліметтерге, құжаттарға және/немесе ақпаратқа қол жеткізген басқа да тұлғалар үшін жауапты.

14.6. Тараптар кез келген ақпаратты ашатын Тараптың құпия ақпараты осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және келесі оқиғалардың біріншісі болған күннен бастап 3 (үш) жыл бойы құпиялылықта сақталуы тиіс деп келіседі:

14.6.1. Қызметтерді көрсетудің аяқталуы;

14.6.2. Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылуы.

14.7. Тапсырыс беруші осы Шартқа қатысты құпия ақпаратты өз директорларына, акционерлеріне, құрылтайшыларына, жоғары холдингтік





компанияларына, кез келген серіктестеріне, кенесшілеріне, аффилирленген тұлғаларына, әлеуетті кредиторларына және/немесе қаржы ұйымдарына, сақтандыру компанияларына, бағалы қағаздар жөніндегі комиссияларға, сондай-ақ осындай ақпаратты Шарттың орындалуына жәрдемдесу, операциялық қызметті жүргізу немесе оны бақылау немесе кез келген бизнес даму жобаларын іске асыру мақсатында білуі қажет тұлғаларға, қолданылатын заңнамаға сәйкес, жария етуге құқылы. Сонымен қатар, Орындаушы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) талабына сәйкес, Тапсырыс беруші Қордың IT жүйесіне Тапсырыс берушінің банктік шоттарының болуы, шоттардағы қалдықтар мен ақша қозғалысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің РМК «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының» қорғалған көлік жүйесі «Фаст» арқылы ұсынуға құқылы екенін келіседі.

14.8. Егер Тарап қолданылатын заңнамаға сәйкес кез келген құпия ақпаратты жариялауға мәжбүр болса, онда бұл Тарап осы факт туралы екінші Тарапты дереу жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

14.9. Құжаттар мен ақпарат құпия болып табылмайды және Тараптар осы 14-бапта көзделген қандай да бір міндеттемелерді көтермейді, егер құжаттар және/немесе ақпарат екінші Тараптың құпиялылық режимін алып тастауға жазбаша келісімімен ашуға рұқсат етілген болса немесе Қолданылатын заңнамаға сәйкес құпия болып саналмайтын жағдайда.

14.10. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз жария ету салдарынан екінші Тарапқа келтірілген зиян үшін бір-бірінің алдында жауапты болады.

14.11. Осы бөлім Шарттың мәніне қатысты мәселелерді практикалық тұрғыда шешу мақсатында сот талқылауларына, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай ақпаратты жария ету талап етілетін жағдайларға, не уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша жүзеге асырылатын жағдайларға қолданылмайды.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы:

(а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді.

Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды;

(б) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан.

(с) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын





алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар:

(а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе)

(б) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе)

(с) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін

(д) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе)

(е) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не тенге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не _____ жүзеге асыру Орындаушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны Тараптар келіскен («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Тараптар келіскен өзге банк бойынша жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан





Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

15.10. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

15.11. Осы Шартқа барлық косымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

«QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Астана қ., "Есіл" ауданы, улица Алихан Бокейхан, здание 12

BSN 050840002757

BSK HSBKKZKX

ЖСК KZ486010111000217527

АО "Народный Банк Казахстана"

Тел.: +7 (717) 255-2315

Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Бакберген
Ансар Жамбылович

Консорциум в составе "Атыраугеоконтроль" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі совместно с Товарищество с ограниченной ответственностью "Мунай Сервис,ЛТД"

"Атыраугеоконтроль" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Атырау облысы, Атырау Қ.Ө., Атырау қ., УЛИЦА СЕВЕРНАЯ ПРОМЗОНА, дом 29а

BSN 060840005288

BSK IRTYKZKA

ЖСК KZ1296510F0007373850

"ForteBank" АҚ

Тел.: +7 (712) 230-6588

Бас директор СУЛЕЙМЕНОВ ЖАЛГАСБАЙ

05.05.2025 16:29:50

05.05.2025 16:41:25





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
3-1 У	Ұңғымаларды/кен орындарын зерттеу қызметтері	Амангелді кен орнында үш ұңғыманы бұрғылау кезіндегі геологиялық-технологиялық зерттеулер	1.000	1.000	-	Иә	86 610 686.4	КАЗАХСТАН, Жамбылская область, Таласский район, КАЗАХСТАН, Жамбылская область, Таласский район, месторождение Амангельды	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%





ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1085528 сатып алу бойынша
Төмендету бойынша ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (3-1 У, 3958037)

Тапсырыс беруші: «QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Орындаушы: "Атыраугеоконтроль" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамындағы консорциум "Мунай Сервис,ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бірге

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	3-1 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Ұңғымаларды/кен орындарын зерттеу қызметтері
Қосымша сипаттама	Амангелді кен орнында үш ұңғыманы бұрғылау кезіндегі геологиялық-технологиялық зерттеулер
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Жамбыл облысы, Талас ауданы, КАЗАХСТАН, Жамбылская область, Таласский район, месторождение Амангельды
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2.1. Көрсетілетін қызметтердің негізгі міндеті

Амангелді кен орнындағы № 142, № 143, № 144 ұңғымалардың геологиялық қимасын зерттеу мақсатында бұрғылаудың барлық кезеңдерінде жедел бақылауды жүзеге асыру үшін геологиялық-технологиялық зерттеулер және газ каротажи кешенін (бұдан әрі - ГТЗ және ГК) жүргізу.

2.2. Қызметтер көлемі

2.2.1. Амангелді кен орындарындағы ұңғымаларға қажетті жабдықтарды, материалдарды және персоналды мобилизациялау (Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Талас және Мойынқұм аудандары);

2.2.2. Ұңғымалар орналасқан жерде жабдықты монтаждау/демонтаждау;

2.2.3. Амангелді кен орнында № 142, № 143, № 144 пайдалану ұңғымаларын бұрғылау кезінде геологиялық-технологиялық зерттеулер мен газдық каротажды жүргізу.

Ескерту: Қызмет көлемі туралы қосымша мәліметтер Техникалық сипаттаманың №1, №2, №3 Қосымшаларында көрсетілген.

2.3. Орындаушыға қойылатын техникалық талаптар



Амангелді кен орнында № 142, № 143, № 144 пайдалану ұңғымаларын бұрғылау процесінде геологиялық-технологиялық зерттеулер және деректерді тіркеу, геологиялық-технологиялық зерттеулер мен газ каротажын тіркеу және өңдеу, геологиялық сервис көрсету және газ талдауы. Бұл ретте геологиялық-технологиялық параметрлерді тіркеу қажет.

2.3.1. Бұрғылау ерітіндісінің параметрлері:

- кіру және шығу кезінде бұрғылау ерітіндісінің тығыздығы;
- бұрғылау ерітіндісінің температурасы;
- бұрғылау ерітіндісінің рН шамасы;
- кіре берістегі бұрғылау ерітіндісінің шығыны;
- шығу кезінде бұрғылау ерітіндісінің ағыны;
- ерітіндінің электр өткізгіштігі;
- барлық сыйымдылықтардағы және толтыру сыйымдылығындағы ерітінді деңгейі.

2.3.2. Бұрғылаудың техникалық параметрлері:

- қашау жүктемесі;
- ілгектегі салмақ;
- сорғылардың саны;
- көтергіштегі қысым;
- бұрғылау жылдамдығы (мех. жылдамдық және ДМК);
- ротор айналымдарының саны;
- ілмектің орны (ДОЛ);
- ротордағы айналу моменті;
- уақытша жазу (Real time).

2.3.3. Газдардың құрамы:

- көмірсутектер ($C_1 - C_5$);
- оттегі (O_2);
- азот (N_2);
- сутегі (H_2);
- күкіртсутек (H_2S) – бұрғылау, сағалық білікке және діріл елегіне орнатылған 2 датчиктермен; - белсенді газсыздандырғышты орнату (380 Вт);



- көмірқышқыл газы (CO₂);

- көміртегі тотығы (CO);

- ультракүлгін сәулелер астындағы шламның көрінетін флуоресценциясы;

- бұрғылау шламының сипаттамасы, ЛБА-дағы талдау; - шламның бензол сорғышын жүргізу және оны талдау.

2.3.4. ГТЗ және ГК деректерін визуализациялау үшін:

- Тапсырыс беруші өкілінің мониторы;

- шебердің мониторы;

- бұрғылаушы таблосы.

2.3.5. Қосымша параметрлер:

- желдің бағыты мен жылдамдығы;

- ауа температурасы.

2.3.6. Геологиялық сервис:

- литология және литологияны интерпретациялау (400 м ден жобалық ұңғы түбіне дейін шламды алу және сипаттау, 10 м-ден кем емес, көмірсутектер белгілері пайда болған кезде 5 м-ден кейін, 1 м-ден кейін кернді алу аралықтарында жүргізіледі), сондай-ақ түрлі-түсті нұсқада басып шығару (қағаз лоток);

- шламды сипаттау және сапалы (сертификатталған) микроскоп, люминоскоп, карбонатомер көмегімен талдау;

- ұңғыманы кернді алумен бұрғылау кезінде сапалы геологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- керннің сипаттамасы және фото-құжаттамасы;

- кернді төсеу процесіне қатысу: кернді жәшіктерге дұрыс салынуын және нөмірленуін бақылау;

- тәуліктік ақпаратты дайындау;

- 1:500 масштабтағы мастер-лог (шламограмма) және газ каротажының диаграммасын ұсыну (есептер мен диаграммалардың тақырыптары мен форматтары Тапсырыс берушімен келісілуі тиіс);

- уақытша файл (бұрғылау процесін уақыт бойынша тіркеу);

- бейне бұрғылау процесін тіркеу, Тапсырыс берушінің маманы көру үшін бейнебақылау камераларын орнату (жазу мүмкіндігімен);

- өнімді қабаттар аралығындағы кальциметрия. ГТЗ және ГК кешенді келесі геологиялық және технологиялық мәселелерді шешуі керек:

2.3.7. Геологиялық міндеттер:

• Кернді, шламды, топырақ үлгілерін сипаттау;

• Қиманы жедел литологиялық-стратиграфиялық талдау;



- Коллекторлық қабаттарды жедел бөлу;
- Қабат-коллекторлардың қанығу сипатын анықтау;
- Реперлік қабаттарды анықтау.

2.3.8. Технологиялық міндеттер:

- Тапсырыс беруші өкілінің ескертуімен бұрғылау кезінде газ-мұнай көріністерін және жұтылуларды ерте анықтау;
- Геологиялық міндеттерге байланысты ұңғыманы тереңдету процесін оңтайландыру;
- Технологиялық операциялардың ұзақтығын айырып тану және анықтау;
- Қашауды өңдеуді бақылай отырып, ұтымды бұрғылау режимін таңдау және қолдау;
- Түсіру-көтеру операциялары кезінде көріністер мен жұтылуларды ерте анықтау, толтырып құюды басқару;
- Түсіру-көтеру операцияларын оңтайландыру (түсіру жылдамдығын шектеу, жүк көтеру механизмдерінің жұмысын оңтайландыру);
- Ұңғымадағы гидродинамикалық қысымды бақылау;
- Қабаттық және кеуекті қысымдарды бақылау, өкілдің ескертуімен Абд және АНПД аймақтарын болжау;
- Шегендеу құбырларының түсуін және цементтелуін бақылау;
- Апатқа дейінгі жағдайларды нақты уақыт режимінде диагностикалау;
- Бұрғылау жабдығының жұмысын диагностикалау.

2.3.9. ГТЗ және ГК жүргізу процесінде мынадай жұмыс түрлері, өлшеулер мен зерттеулер орындалады:

- керн, шлам тау жыныстарының үлгілерін алу, дайындау және талдау;
- бұрғылау ерітіндісінің сынамаларын алу;
- * айналым жүйесінде орнатылған тиісті датчиктермен бұрғылау ерітіндісінің параметрлерін үздіксіз өлшеу;
- үздіксіз мәжбүрлі газсыздандыру арқылы көмірсутекті және көмірсутекті емес газдарды айналымдағы бұрғылау ерітіндісінің бір бөлігінен алу;
- алынған ГВС үздіксіз және эпизодтық газ талдауларына беру;
- хроматографтың көмегімен циклдік компонентті газды талдау;
- $C_1 - C_5$ және көмірсутекті емес газдар мен күкіртті сутегі H_2S үшін циклдік компонентті газды талдау;
- бұрғылау жабдығында орнатылған тиісті датчиктермен бұрғылау процесінің технологиялық параметрлерін автоматты түрде өлшеу;
- * өлшеу нәтижелерін автоматты түрде тіркеу және компьютерлердің көмегімен ақпаратты өңдеу;



- ГТЗ және ГК станциясындағы компьютер мониторларында, бұрғылаушының пультінде, бұрғылау шебері мен Тапсырыс беруші өкілінің компьютерлерінде алынған ақпаратты визуализациялау;
- алынған технологиялық және геологиялық-геохимиялық ақпаратты түсіндіру.

2.3.10. Тапсырыс беруші нақты уақыт режимінде бұрғылау процесін зерттеу ақпаратын тәулік бойы алуға және оны Тапсырыс берушінің белгіленген желілік жабдығы арқылы беруге мүмкіндік беретін негізгі жүйеден ГТЗ және ГК параметрлерін жинаудың қосымша жүйесін орнату құқығын өзіне қалдырады.

2.3.11. Бұрғылау қондырғысында стационарлық газ сигнализаторларының (оның ішінде күкіртті сутегіге) датчиктері ротордың жанында, науа жүйесінің басында, виброситтің жанында, сорап бөлімінде (2 бірлік), қабылдау сиымдылығында (2 бірлік) және персоналдың демалыс бөлмесінде орнатылуы тиіс.

2.3.12. Қызмет көрсету үшін Орындаушы өз есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажетті рұқсаттарды алуға тиіс.

2.3.13. Тапсырыс беруші нақты уақыт режимінде бұрғылау процесін зерттеу ақпаратын тәулік бойы алуға және оны Тапсырыс берушінің белгіленген желілік жабдығы арқылы беруге мүмкіндік беретін негізгі жүйеден ГТЗ және ГК параметрлерін жинаудың қосымша жүйесін орнату құқығын өзіне қалдырады.

2.3.14. Сынамалар Орындаушы жеткізетін және Тапсырыс беруші мақұлдаған қолайлы ыдысқа салынуы тиіс. Герметикалық контейнерлерді Орындаушы беруі керек. Тапсырыс беруші бұрғылау қондырғысының орналасқан жерінен сынамаларды әкету бойынша жауапкершілікті өзіне алады.

2.4. Қызмет көрсетудің ұсынылатын реттілігі

2.4.1. Бұрғылау Мердігері, ГТЗ бойынша Орындаушы және Тапсырыс берушінің өкілі ұңғыманың дайындығы туралы үшжақты актіге қол қою.

2.4.2. ГТЗ және ГК жабдықтарын монтаждау, Тапсырыс берушінің өкілінен ГТЗ және ГК жүргізуге акт жасай отырып рұқсат алу.

2.4.3. 3-тармақта көрсетілген параметрлерді тіркеу.

2.4.4. Бұрғылау жұмыстары барысында Орындаушы:

2.4.4.1. Тапсырыс берушінің өкілі мен геологиялық қызметіне түсіру-көтеру операциялары кезінде бұрғылаудың технологиялық параметрлерін, зерттелген шламды, кернді (алу кезінде), толтырып құю кестелерін ұсына отырып, ұңғыманы бұрғылау процесін ГТЗ және ГК деректері бойынша толық бақылау.

2.5. Ұсынылатын материалдар

2.5.1. Ұңғыманы бұрғылау аяқталғаннан кейін Орындаушы ағаш жәшіктерге салынған шлам үлгілерін тиісті ілеспе құжаттармен, ГТЗ және ГК материалдарын Тапсырыс берушіге акт бойынша беруге міндетті.

2.5.2. Орындаушы керн материалының сипаттамасы бойынша көрсетілген қызметтердің нәтижелері бойынша есепті Тапсырыс берушінің өкіліне береді.

2.5.3. Нақты көрсетілген қызметтер, литология, бұрғылауды бақылау бойынша ұңғыманы бұрғылау аяқталғаннан кейін – 10 жұмыс күні ішінде қорытынды есеп береді. Барлық есептерді қағаз тасығышта ұсыну: 3 данада, электрондық тасығышта HDD-диск (қатты диск): 1 данада.

2.6. Орындаушының міндеттері:



2.6.1. Қызмет көрсету үшін толық қажетті техникалық жарактандыру.

2.6.2. Техниканың сынған жағдайда оны қысқа мерзімде ауыстыруды қамтамасыз ету.

2.6.3. Орындаушының барлық персоналында өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өрт-техникалық минимум, күкіртсутек қауіпсіздігі және т. б. бойынша оқыту курстарынан өту туралы рұқсат құжаттары болуы тиіс.

2.6.4. Ұңғымада жұмыс істеген кезде Орындаушының персоналымен ҚР еңбек кодексі, жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларын, жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары, өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын, санитарлық ережелер, өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар, экологиялық кодекс және т. б. қолданыстағы талаптарын орындауды қамтамасыз ету.

2.6.5. Орындаушы өз есебінен Тапсырыс берушіні байланыс құралдарымен, ең аз өткізу қабілеті 1024 кбит/с интернет-арнамен қамтамасыз етуге тиіс. ГТЗ және ГК деректерін визуализациялауға арналған жеке монитор, үздіксіз қуат көзі және Тапсырыс берушінің өкілі үшін сымсыз желі (Wi-Fi), орнатылған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету, Windows операциялық жүйесі, Microsoft office (MS Word, MS Excel, MS Outlook), мұрағатшы, антивирус.

2.6.6. Тапсырыс берушінің мамандары, бұрғылау шебері, ГТЗ және ГК станциясы және бұрғылаушы пульті арасында байланыс құралдарын (телефон) орнату (қажет болған жағдайда сегіз нөмірге дейін).

2.6.7. Мониторларды шебердің вагонына және бұрғылау Мердігерінің роторлық алаңына орнату.

2.6.8. Қызмет көрсету барысында Орындаушы ГТЗ және ГК есептерін дайындағаннан кейін толық және дәл жазбаларды жүргізеді (Шартқа сәйкес ұңғыма бойынша жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарды көрсетеді).

2.6.9. Орындаушы Тапсырыс берушіге күнделікті есептерді ұсынады: - тәулік сайын, таңғы сағат 07.30-ға дейін күнделікті есепті жедел нысанда (электрондық пошта) жібереді; - ГТЗ және ГК күнделікті диаграммалары.

2.6.10. Орындаушы Тапсырыс берушінің офистерінде (Астана қ.) бұрғылау процесін онлайн-режимде (нақты уақыттағы диаграммалар) қарауды қамтамасыз етуі тиіс.

2.7. Қызмет көрсету мерзімі

2.7.1. Әрбір кезеңнің қызмет көрсету мерзімі Тапсырыс берушімен келісілетін және Орындаушы бекітетін жұмыс жоспарында көрсетіледі.

2.7.2. Қызметтерді көрсетудің басталуы Тапсырыс берушінің қызметтердің басталғаны туралы жазбаша хабарламаларында (өтінімдерінде) көрсетілген күннен бастап және мерзімдерде. Жұмыс жоспарына сәйкес тиісті кезеңдегі қызметтерді көрсетуді бастау туралы өтінімдер қызмет басталғанға дейін күнтізбелік 2 күн бұрын Орындаушыға жіберіледі, кейіннен қызметтер басталғанға дейін 1 тәулік бұрын ауызша (телефон арқылы) және /немесе электрондық пошта арқылы расталады.

Қосымша ақпарат алу үшін «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС Геология және игеру бөліміне хабарласуға болады, тел.: +7-7172-79-84-66, эл. пошта: a.tulekeshev@epqg.kz

Қосымшалар

Приложение_№1_к_TC_- Объем услуг_ГТИ_скв_142_м.Амангельды.docx

Приложение_№2_к_TC_- Объем услуг_ГТИ_скв_143_м.Амангельды.docx



3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р /с	Атауы
1	«Мұнай және газ өнеркәсібі салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен).
2	«Қазақстан Республикасының Экология кодексі» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ Кодексі (өзгерістер мен толықтырулармен).
3	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №125-VI ҚРЗ (өзгерістер мен толықтырулармен).
4	«Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 239 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен).



4516052635

Шарттың №3

қосымшасы №1085528/2025/1 от 05.05.2025 жылғы

Шарттың №3

қосымшасы №1085528/2025/1 от 05.05.2025 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктерінің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	внутристрановая ценность в товаре, в тенге	внутристрановая ценность в договоре, %
					в единице измерения по ст.5	акпалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.



Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

№ р/с	Орындаушы/Суб мердігер	Келісім -шарт нөмірі	Келісім- шарттың құны	Келісім-шарт шеңберінде орындаушы немесе субмердігер сатып алатын/сатып алған тауарлардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындау шеңберінде жасалатын/жасалатын субмердігерлік келісім-шарттардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе субмердігердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі	Шарттағы елішілік құндылық үлесі, (ақша қаражат түрінде)
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

№ р/с	Орындаушы	Келісім-шарт	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	внутристрановая ценность в договоре, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{табл.1}) + \sum 8(\text{табл.2}) / 6 * 100\%$)
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Бакберген Ансар Жамбылович, Заместитель Генерального директора по производству

Кармаканова Гаухар Нажмиденовна, Главный бухгалтер

Хожбанов Булат Каирханович, Руководитель службы правового обеспечения

Сапаев Жанибек Еркинович, Начальник отдела геологии и разработки

Данияров Ермек Аманжолович, Начальник Отдела бюджетного планирования и экономического анализа

Нурабаев Марал Базарбаевич, Главный специалист отдела организации закупок и мониторинга договоров

СУЛЕЙМЕНОВ ЖАЛГАСБАЙ, Генеральный директор

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



Договор о закупке услуг №1085528/2025/1

05.05.2025 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Разведка и добыча QazaqGaz", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Заместитель Генерального директора по производству Бакбергенов Ансар Жамбылович, действующего на основании _____, с одной стороны, и Консорциум в составе Товарищество с ограниченной ответственностью "Атыраугеоконтроль" совместно с Товарищество с ограниченной ответственностью "Мунай Сервис,ЛТД" именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице Генеральный директор СУЛЕЙМЕНОВ ЖАЛГАСБАЙ, действующего на основании Устав, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании Протокол итогов № 1085528, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что:

- является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством;
- отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора;
- оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги на проведение геолого-технологические исследования (ГТИ) и газовый каротаж (далее - Услуга), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить оказанные Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. Право собственности на результаты Услуг и документы, в том числе материалы и записи, подготовленные Исполнителем в ходе оказания Услуг и переданные Заказчику, принадлежат Заказчику.

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет 86610686.40 (восемьдесят шесть миллионов шестьсот десять тысяч шестьсот восемьдесят шесть тенге, сорок тиын) Тенге с учетом НДС РК и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

2.3.1. Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2.4. Оплата за оказанные Услуги, в том числе окончательный расчет по Договору, производится в срок не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания сторонами Акта (-ов) оказанных Услуг (далее - Акт оказанных Услуг) и предоставления следующего (их) документа (ов):

2.4.1. Расчет внутристрановой ценности на весь объем Услуг, оказанных в рамках Договора в форме электронного документа (предоставляется в информационной системе АО «Самрук-Қазына», обеспечивающей проведение электронных закупок (далее – Веб-портал) вместе с окончательным Актом оказанных Услуг);

2.4.2. Счета-фактуры в электронной форме (ЭСФ) и Акты оказанных услуг на бумажном и электронном носителе.

2.5. Акт (ы) оказанных Услуг направляются Исполнителем Заказчику посредством Веб-портала. Допускается формирование и подписание Акта (-ов) оказанных Услуг на Веб-портале в электронном виде.

